

КЕЛІСІЛДІ:
ТОО «Global Trans Logistics»
басшысы
Борщ А.Б.



БЕКІТЕМІН
«Логистика және бизнес»
институтының директоры
_____ Даубаев К.Ж.
«___» _____ 2025 ж.

ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІНІҢ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B04142 - Экономика және менеджмент (салалар бойынша)

Білім деңгейі: бакалавр

Оқу мерзімі: 3 жыл

Қабылдау жылы: 2025 ж.

Модуль	Цикл	Компоненті	Пән атауы	Жалпы жұмыс жүктемесі		Семестр	Оқыту нәтижелері	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Пререквизиттер	Постреквизиттер
				Академиялық сағаттарда	Академиялық кредиттер					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Модуль 1 - Жалпы білім беру пәндері	ЖБП	ТП	Экологиялық тұрақты технологиялар	150	5	6	ОНЗ	Экологиялық тұрақты технологиялар пәні адам қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға бағытталған заманауи әдістер мен инновациялық шешімдерді зерттейді. Курста тұрақты даму қағидаттары, энергия үнемдеу технологиялары, жаңартылатын энергия көздері, қалдықтарды басқару стратегиялары және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз өндірістік үдерістер қарастырылады.	Тұтынушылардың мінез-құлқы	Еңбекті қорғау
			Ғылыми зерттеулердің				ОН1	Пән ғылыми қызметтің мақсаттары, әдістері мен түрлерін қамти отырып, оның негіздерімен		

		негіздері				таныстырады, таңдалған кәсіби салада ғылыми зерттеулерді табысты жүргізуге қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ ғылыми ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және қолдану қабілеттерін дамытады, бұл болашақтағы зерттеу және кәсіби қызмет үшін маңызды негіз болып табылады.	сандық әдістер	үшін
		Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі			ОН ОН9	Пән студенттерде еңбек пен тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Онда еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері, кәсіби тәуекелдерді бағалау және басқару әдістері, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдары, төтенше жағдайлардың алдын алу, сондай-ақ жарақаттанудың және кәсіби аурулардың алдын алу шаралары қарастырылады. Ерекше назар қауіпсіз өндірістік ортаны құруға, еңбекті қорғау нормалары мен талаптарын сақтауға және кәсіби қызметте қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға аударылады.	Кәсіпкерлік практикумы	Кәсіпкерлік және start-up
		Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет			ОН7	Пәнде құқықтың негізгі ұғымдары, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің конституциялық құрылымы, Конституцияда бекітілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, олардың бұзылған жағдайда заңды мүдделерін қорғау тетіктері баяндалады. Пән студенттердің қоғамдық және жеке құқықтық санасын, құқықтық мәдениетін арттыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық ұстаным мен оны әлеуметтік жағымсыз құбылыс ретінде тануға бағытталған білім жүйесін қалыптастырады..	Саясаттану Әлеуметтану	Халықаралық бизнес, еңбек құқығы
		Жасыл экономика және тұрақты кәсіпкерлік			ОН3	«Жасыл экономика және тұрақты кәсіпкерлік» пәні тұрақты дамуға бағытталған экологиялық бағдарланған экономикалық модельдер мен бизнес-стратегияларды зерделеуге арналған. Курста жасыл экономиканың тұжырымдамалары, ESG (Экологиялық, Әлеуметтік, Корпоративтік басқару) тәсілдері, айналмалы экономика, тұрақты бизнес-модельдер және олардың жаһандық нарықтарға әсері қарастырылады.	Микроэкономика, макроэкономика	Халықаралық бизнес

			Қаржылық сауаттылық негіздері				ОН4	Пән нарықтық экономика жағдайында негізделген қаржылық шешімдер қабылдау, табыстар мен шығыстарды жоспарлау, тәуекелдерді бағалау және ресурстарды тиімді басқару қабілеттерін дамытуға бағытталған. Пән аясында қаржы саласындағы базалық білімдер мен ақшаны ұтымды басқару негіздері оқытылады. Сонымен қатар, қаржы жүйесі, бюджет, банк өнімдері, несиелеу, жинақ, инвестициялар, сақтандыру, салық салу және қаржылық алаяқтықтан қорғану ұғымдары қарастырылады.	Микроэкономика	Қаржы, бизнесті қаржылық зерттеулер
			Цифрлық инклюзия				ОН3	«Цифрлық инклюзия» пәні барлық әлеуметтік топтар, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін цифрлық технологиялар мен ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз ету принциптерін зерттеуге арналған. Курста цифрлық теңсіздіктің кедергілері, оларды жеңу стратегиялары, цифрлық ортаға бейімдеу технологиялары және инклюзивті цифрлық қоғамды дамытуға арналған мемлекеттік бастамалар қарастырылады.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Python бағдарламалаудың негіздері	Қорытынды аттестация
Модуль 3-Базалық күзінреттер	БП	ТП	ІС бухгалтерлік есеп	150	5	8	ОН1 ОН4 ОН7	Пән бухгалтерлік есептің негізгі принциптерін, бухгалтерлік баланстарды құрастыруды, қаржылық нәтижелер туралы есептерді, салық заңнамасы мен бухгалтерлік есепті реттейтін талаптарды зерттеуге арналған. Пән бағдарлама интерфейсімен жұмыс істеуге, есептік деректерді баптауға және құруға, қаржылық операциялар туралы ақпаратты енгізуге және өндеуге, кірістірілген жауаптар мен аналитикалық құралдардың көмегімен деректерді талдауға үйретеді.	Бухгалтерлік есептің компьютерлендіруі	Компаниядағы жоспарлау және бюджеттеу
	БП	ТП	Аудит				ОН4 ОН7	Пән ұйымның қаржылық есептілігін тексеру және бағалау әдістері мен рәсімдерін зерттейді, оның дәлдігі, сенімділігі және заңнама мен стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында. Пән аудиттің рөлін, қаржылық есептілікті және оның құрамдастарын қалыптастыру үдерістерін, аудит техникасын, деректерді жинау және талдау, тәуекелдерді бағалау, бизнес-процестер мен ұйымның ішкі бақылау жүйелерін талдау әдістерін қарастырады.	Көтерме-бөлшек сауда	Өнеркәсіптік маркетинг

	БП	ТП	Эконометрика				ОН2 ОН6	Бұл пән эконометрикалық модельдеудің әдістемелік негіздерін, жұптық және көптік сызықты және сызықты емес регрессиялық модельдерді құруды, классикалық модельдік болжамдарды жасау әдістерін зерттейді. Сондай-ақ, Excel бағдарламасын пайдалана отырып экономикалық процестерді экономиканың жалпы деңгейінде, салалық деңгейде немесе жеке кәсіпорында болжауды қарастырады.	Бизнес математика 1, 2	Ғылыми зерттеулердің негіздері	
	БП	ТП	Экономикадағы сандық әдістер	180	6	3	ОН1 ОН5	Бұл пән экономикалық құбылыстар мен процестерді талдау құралдары мен әдістерін зерттейді, математикалық және статистикалық тәсілдерді қолданады, экономикалық жүйелерді модельдеу, деректерді бағалау, болжау және сандық деректер мен талдау негізінде шешім қабылдау әдістерін қамтиды. Оқу барысында үлкен көлемдегі деректерді талдау, интерпретациялау, тенденцияларды, тәуелділіктерді анықтау және болашақ оқиғаларды болжау үшін Excel бағдарламасы қолданылады.	Бизнес математика 1, 2	Ғылыми зерттеулердің негіздері	
Модуль 4- Басқарушылық күзіреттер	БП	ТП	Менеджмент	180	6	5	ОН2 ОН5 ОН10	Бұл пән заманауи менеджмент теориясы мен практикасын, кәсіпорынды басқаруда негізгі құралдар мен менеджмент әдістерін қолдануды зерттейді. Сондай-ақ, кәсіпорынды тиімді ұйымдастыру және басқаруға арналған ғылыми білім жүйелері, кәсіпорын мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін менеджмент принциптерін қолдану, кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымын құру принциптері, даулар мен өзгерістерді басқару әдістері, кадрларды	Психология, тұтынушылар мінез-құлқы	Еңбек нарығы экономикасы, еңбек құқығы, корпоративтік менеджмент	

							мотивациялау саясатын әзірлеу дағдылары қарастырылады.		
	БП	ТП	Бренд-менеджмент				ОН9 ОН10 ОН11 Бұл пән брендтің сәйкестілігін қалыптастыру әдістерін, тұтынушылар қабылдауын басқаруды және брендтің позицияларын нығайту үшін маркетингтік құралдарды тиімді пайдалануды зерттейді. Сондай-ақ, компания брендтерін жасау, дамыту және басқару негіздері, нарықта бірегей және мәнді бренд имиджін қалыптастыру арқылы клиенттерді тарту және ұстап тұру, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және брендтің танымалдығын жоғарылату қарастырылады.	Психология	Адам ресурстарын басқару, HR-менеджмент, Корпоративтік менеджмент
Модуль 2- Бизнес күзінеттер	БП	ТП	Маркетинг	270	9	3	ОН10 ОН11 Бұл пән маркетингтің негізгі принциптері, әдістері мен құралдарын, тұтынушылар мінез-құлқын, нарық, бәсекелестер және тұтынушылар туралы деректерді жинау және талдау әдістерін зерттейді. Бұл ақпарат маркетинг стратегиясын әзірлеу кезінде негізделген шешім қабылдауға қолданылады. Сондай-ақ, өнімге сұранысты қалыптастыруда демографиялық фактордың рөлі, Д. Ратмел, А. Эйглие, Е. Лангеард модельдері және басқа да тұжырымдамалар қарастырылады.	Микроэкономика, тұтынушылардың мінез-құлқы	Өнеркәсіптік маркетинг, стратегиялық маркетинг

	БП	ТП	Нейромаркетинг				ОН10 ОН11	Бұл пән нейроғылымның негіздерін, адам миының тұтынушылық мінез-құлық контекстіндегі жұмысын зерттейді. Тұтынушылардың шешім қабылдауына әсер ететін ми процестері мен реакциялары, олардың таңдаулары мен шешімдерін қалыптастыруға әсер ететін механизмдер қарастырылады. Сондай-ақ, мақсатты аудиторияның қажеттіліктері мен артықшылықтарына бейімделген тиімді маркетингтік стратегияларды әзірлеу процесі зерттеледі.	Микроэкономика, тұтынушылардың мінез-құлқы	Өнеркәсіптік маркетинг, стратегиялық маркетинг
	БП	ТП	Қаржылық менеджмент	180	6	9	ОН5 ОН6	Бұл пән ұйымдағы қаржыны басқару әдістерін зерттейді, олардың құнын барынша арттыруға бағытталған. Сондай-ақ, айналым қаражаттарын басқару, инвестициялар, қаржылық талдау, тәуекелдерді басқару, жобаларды бағалау және капиталды басқару қарастырылады. Пәнде қаржының негізгі принциптері мен олардың әртүрлі жағдайларда қолданылуы, баламалы стратегияларды талдау және бағалау құралдары, негізделген шешімдер қабылдау және болашақ қаржылық нәтижелерді жоспарлау әдістері қарастырылады.	Қаржы, кәсіпкерлік және стартап, кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау	Қорытынды аттестация
	БП	ТП	Бизнеске арналған қаржылық зерттеулер				ОН4 ОН5 ОН8	Бұл пән қаржылық талдаудың негіздерін, бизнестің қаржылық аспектілерін көрсететін математикалық модельдер құру процесін, тәуекелдерді талдау және басқаруды, инвестициялық мүмкіндіктерді бағалау және таңдау, инвестициялардың тиімділігін талдау, оптималды инвестициялық портфельді анықтау, инвестициялық портфельдерді басқару стратегияларын әзірлеуді зерттейді. Сондай-ақ, бизнес ортасында негізделген қаржылық шешімдер қабылдау	Қаржы, өнеркәсіптік маркетинг, көліктегі қаржылық жоспарлау	Қорытынды аттестация

							үшін қажетті қаржылық стратегияларды әзірлеу және жүзеге асыру әдістері қарастырылады.		
БП	ТП	Бухгалтерлік есепті компьютерлендіру	90	3	4	ОН1 ОН4 ОН7	Бұл пән бухгалтерлік есеп және қаржы саласында қолданылатын заманауи ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды зерттейді. Бухгалтерлік есепті автоматтандыру принциптері, ІС:Кәсіпорын, SAP, QuickBooks сияқты арнайы бағдарламалық өнімдер, бухгалтерлік есеп тапсырмаларын шешуде ақпараттық технологияларды қолдану, деректерді өңдеу, есептер құрастыру және қаржылық ақпаратты талдау үшін электрондық кестелер мен деректер қорлары қарастырылады.	Python бағдарламалау негіздері	ІС Бухгалтерия
БП	ТП	Көтерме және бөлшек сауда				ОН10 ОН11	Бұл пән көтерме және бөлшек сауда деңгейінде жұмыс істейтін сауда кәсіпорындарын ұйымдастыру, басқару және дамыту негіздерін зерттейді. Сондай-ақ, көтерме-бөлшек саудадағы негізгі тұжырымдамалар мен тенденциялар, баға қалыптастыру стратегиялары, логистика және маркетинг әдістері, осы саладағы заманауи үрдістер мен инновациялар, соның ішінде электрондық коммерция қарастырылады.	Микроэкономика, маркетинг	Сатуды басқару, Бизнесі ұйымдастыру

Модуль 4- Басқарушылық күзiреттер	БП	ТП	Еңбек құқығы	90	3	7	ОН3	Бұл пән еңбекті ұйымдастырудың әлеуметтік жағын зерттейді. Еңбек қатынастарының ерекшеліктері мен элементтері, олардың туындау, өзгеру және аяқталу негіздері қарастырылады. Сонымен қатар, еңбек саласындағы әлеуметтік әріптестік құқықтық негіздері, коллективтік келісімдер мен шарттарды жасасу тәртібі, жұмыспен қамтуды және еңбекке орналастыруды құқықтық реттеу, еңбек шарттарының түрлері, жасалу, өзгерту және аяқталу тәртібі қарастырылады.	Менеджмент	Еңбекті қорғау
	БП	ТП	HR-менеджмент				ОН8 ОН11	Бұл пән Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы теориясын, Герцбергтің екі факторлы теориясын, күту теориясын, теңдік пен әділдік теориясын және басқа да мотивация теорияларын зерттейді. Сонымен қатар, кадрларды іріктеу, жұмысқа алу, оқыту, мотивация және өнімділікті басқару процестері қарастырылады. Пәнде ұйымның мотивациялық жүйесі мен мотивациялық іс-шаралары, кадрлық саясатты әзірлеудің ерекшеліктері, Қазақстан мен әлемдегі HR-брендинг көрсетіледі. Сондай-ақ, үздік жұмыс берушілердің тәжірибесіндегі тенденциялар таныстырылады.	Менеджмент, бренд-менеджмент	Менеджмент практикумы
	ПД	ТП	Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау				ОН5 ОН7 ОН8	Бұл пән кәсіпорынның экономикалық тиімділігін және қаржылық жағдайын зерттеу мен бағалауға қолданылатын талдау әдістері мен құралдарын зерттейді. Сондай-ақ, қаржылық есептілікті талдау, ресурстарды тиімді пайдалану көрсеткіштерін бағалау, нарықты талдау, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін және стратегиялық жағдайын бағалау қарастырылады. Пәнде кәсіпорынның қаржы-экономикалық көрсеткіштері зерттеліп, шаруашылық қызметіндегі проблемалық аймақтарды анықтау үшін олардың	Саладағы баға және тарифтік саясат	Қаржылық менеджмент, компанияда жоспарлау және бюджеттеу

							жағдайы есептеледі.		
	ПД	ТП	Тасымалдаудағы қаржылық жоспарлау				ОН4 ОН8 Бұл пән көлік кәсіпорындарында қаржыны тиімді басқаруға қажетті әдістер мен құралдарды, қаржылық басқарудың ерекшеліктерін, көлік компанияларында қаржылық қатынастарды ұйымдастыру принциптерін зерттейді. Сондай-ақ, жүк және жолаушы тасымалдарын жүзеге асыру кезінде тарифтік саясатты қалыптастыру принциптері, мемлекеттік тарифтерді реттеудің негізгі ережелері, жүк, жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалына тарифтерді реттеу тәртібі қарастырылады.	Саладағы қаржы, баға және тарифтік саясат	Бизнеске арналған қаржылық зерттеулер, Өнеркәсіптік маркетинг
Модуль 2- Бизнес күзiреттер	ПД	ТП	Компаниядағы жоспарлау және бюджеттi жоспарлау	180	6	6	ОН4 ОН5 ОН8 Бұл пән кәсіпорындағы жоспарлаудың түрлерін, түрлі жоспарлау әдістерін қолдануды, жоспарлық нормалар мен стандарттар жүйесін әзірлеуді, кәсіпорынның өндірістік бағдарламасы мен өндірістік қуатын жоспарлаудың ерекшеліктерін зерттейді. Сонымен қатар, бюджеттеу жүйесін басқару, кәсіпорында бюджеттеу процесін ұйымдастыру дағдыларын дамыту, бюджеттік классификацияларды үйрену, бақылау мен талдау ұйымдастыру сияқты мәселелер қарастырылады.	ІС бухгалтерлік есеп, Сала экономикасы	Қаржылық менеджмент, кәсіпорынның экономикалық қызметін талдау

	ПД	ТП	Өнеркәсіптік маркетинг				ОН10 ОН11	Бұл пән өнеркәсіптік өндіріс пен бизнестегі маркетинг ерекшеліктерін, өнеркәсіптік тауарлар мен қызметтердің нарығының спецификасын, жеткізушілер мен сатып алушылар арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін зерттейді. Сондай-ақ, өнеркәсіптік тұтынушылардың қажеттіліктері мен артықшылықтарын анықтауға бағытталған маркетингтік зерттеу әдістері қарастырылады. Пәнде өнеркәсіптік тауарларды насихаттау және жарнамалау стратегиялары, бизнес-клиенттермен тиімді коммуникация әдістері және басқа да мәселелер қарастырылады.	Маркетинг	Бизнеске арналған қаржылық зерттеулер, сатуды басқару
Модуль 4- Басқарушылық күзіреттер	ПД	ТП	Еңбек нарығы экономикасы	180	6	5	ОН6 ОН8	Бұл пән еңбек нарығының әртүрлі аспектілерін зерттейді, оның ішінде еңбек күшіне сұраныс пен ұсыныс, жұмыссыздық деңгейіне әсер ететін факторлар, жалақы қалыптастыру механизмдері, экономика салаларының еңбек нарықтары. Сонымен қатар, еңбек миграциясы, жұмыспен қамтуды реттейтін мемлекеттік саясат, еңбек қатынастары, қызметкерлердің әлеуметтік қорғауы, еңбек ресурстарының өзгеруі және басқа да мәселелер қарастырылады.	Менеджмент	Еңбек құқығы
	ПД	ТП	Салалық кадрларды басқару				ОН8 ОН9	Бұл пән әртүрлі меншік формасындағы кәсіпорындардағы кадрларды басқарудың теориялық негіздерін қарастырады, кадрлық қызметті ұйымдастыруды, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес негізгі кадрлық құжаттаманы жүргізуді үйретеді. Сондай-ақ, еңбек функцияларын бөлісу және кадрларды басқару қызметінің ұйымдастырушылық құрылымы зерттеледі.	Менеджмент, инновациялық менеджмент	Менеджмент практикумы, корпоративтік басқару

